



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 13 наурыз

### **KASE 2025 жыл қорытындысы бойынша Биржа мүшелерін, листингтік компаниялар мен БАҚ өкілдерін марапаттады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) 2026 жылғы 13 наурызда қор нарығында үздік нәтиже көрсеткен Биржа мүшелерін, ашықтыққа ұмтылысы үшін листингтік компанияларды, сондай-ақ 2025 жылы қор нарығы туралы ақпараттық материалдарды белсенді жариялағаны үшін бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерін марапаттау бойынша 24-ші рәсімді өткізді.

Айта кету керек, өткен жылы бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттық көлемі 15,5 трлн теңге болып, Шетел валютасы нарығы 51 трлн теңгеге жетті. Жасалған мәмілелер саны да өсті, атап айтқанда бағалы қағаздар нарығында ол 74% өсіп, 3,4 млн мәмілені құрады.

#### **KASE мүшелері**

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында "Halyk Finance" АҚ және "Alatau City Invest" АҚ жеңімпаз атанды.

Биржа мүшелерінің арасында "Акциялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында "Halyk Finance" АҚ марапатталды.

"Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар нарығындағы жылдың үздік андеррайтері" номинациясында "Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)" АҚ жеңімпаз болды. 2025 жылы осы секторда 307,0 млрд теңге көлемінде халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары орналастырылды.

"Акциялар нарығының көшбасшысы" номинациясында марапат акциялар нарығындағы сауда-саттық белсенділігінің ең жоғары коэффициентін көрсеткен Биржа мүшесіне берілді. "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жеңімпаз болды.

"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында марапат Freedom Finance Global PLC компаниясына берілді. Осы номинацияда корпоративтік борыштық капитал нарығында жасалған мәмілелердің ең көп көлемі мен саны ескеріледі.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинациясында Freedom Finance Global PLC марапатталды. Ол мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын операцияларда керемет нәтиже көрсетті.

"Шетел валютасы нарығының көшбасшысы" номинациясында "Қазақстан Халық Банкі" АҚ пен "Ситибанк Қазақстан" АҚ жеңіске жетті. Осы номинациядағы наградалар валюта нарығындағы белсенді сауда-саттығы үшін беріледі.

"Жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында маркет-мейкер міндеттерін ең жақсы орындаған және биржалық нарықтың өтімділігін арттыруға елеулі үлес қосқан Биржа мүшелері марапатталды.

"Акциялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ және "BCC Invest" АҚ жеңімпаз атанды.

"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында марапат "Фридом Финанс" АҚ пен "BCC Invest" АҚ-қа берілді.

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ марапатталды.

"KASE Global секторындағы жылдың үздік маркет-мейкері" номинациясында "Фридом Финанс" АҚ жеңімпаз атанды.

"Деривативтер нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында марапатқа "SQIF Capital" АҚ ие болды.

"Үздік қаржылық кеңесші" номинациясының жеңімпаздары "Alatau City Invest" АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ және "Teniz Capital Investment Banking" АҚ болды. Олар эмитенттер үшін листинг рәсімдерін сүйемелдеуде кәсіби біліктілік пен сараптаманың жоғары деңгейін көрсетті, бұл бағалы қағаздарды сәтті орналастыруға ықпал етті.

"Қытай юані биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін" марапатына "Қазақстандағы Қытай Банкі" Еншілес Банкі" АҚ және "Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп банкі" АҚ ие болды. Бұл марапат қытай юанімен биржалық сауда-саттықты дамытуға және дәріптеуге елеулі үлес қосқан нарық қатысушыларына беріледі.

"KASE Global секторын дамытуға қосқан үлесі үшін" номинациясында "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ жеңімпаз атанды. Айта кету керек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша KASE Global секторындағы сауда-саттық көлемі 3,7 есе өсті. 2025 жылдың соңына қарай 59 шетелдік эмитенттің 68 бағалы қағазы сауда-саттық жасау үшін қолжетімді болды.

### **KASE листингілік компаниялары**

"Эмиссиялық белсенділігі үшін" номинациясында "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ және "Самұрық-Қазына" ҰАҚ" АҚ жеңімпаз атанды. Бұл номинация жоғары эмиссиялық белсенділік танытқан және 2024 жыл ішінде өз облигацияларының ең көп шығарылымын листинг рәсімінен өткізген листингілік компанияларды атап өтуге арналған. Бұл компаниялар қор нарығына белсенді қатысуда үлгі болып, оның өсуі мен дамуына ықпал етеді.

"ESG облигациялары нарығының көшбасшысы" номинациясында "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ және "Қазақстан тұрғын үй компаниясы" АҚ жеңімпаз атанды. Бұл номинацияда 2025 жылы ESG облигацияларын шығарған және сәтті орналастырған листингілік компаниялар марапатталады. 2025 жылы KASE-де ESG облигацияларының рекордтық саны – көлемі 520 млрд теңгені құрайтын 11 шығарылым енгізілді, бұл жасыл, әлеуметтік жобаларды және орнықты даму жобаларын қаржыландыруға ықпал етеді.

"Ашықтыққа ұмтылысы үшін" номинациясында "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ, "ForteBank" АҚ, "ҚазТрансОйл" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ, "Кселл" АҚ, "Эйр Астана" АҚ, "Teniz Capital Investment Banking" АҚ және "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" микроқаржы ұйымы" ЖШС марапатталды.

### **KASE клиринг орталығы ұсынған номинациялар**

"NTPro алаңындағы алғашқы мәміле" номинациясында "Teniz Capital Investment Banking" АҚ және "Еуразиялық банк" АҚ жеңімпаз атанды.

"NTPro нарығының көшбасшылары" номинациясында марапатқа "Tansar Capital" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ және "Еуразиялық банк" АҚ ие болды.

### **Жылдық есептер конкурсы**

Жылдық есептер конкурсы шеңберінде Биржа жиынтығында 150-ге жуық түрлі критерийден құралған сандық және сапалық сипаттамаларды бағалауды ескеретін жылдық есептерді бағалау тәртібін бөлек әзірледі. Талаптарға сәйкес өтініш берушінің жылдық есебінде және орнықты дамуы туралы есебінде көрсетілген ақпаратты бағалауды және оған балл беруді сараптама комиссиясы жүзеге асырады. Сараптама комиссиясының құрамына корпоративтік басқару және ESG ақпаратты ашып көрсету саласындағы сарапшылар кіреді.

Аталған байқауға 26 компания, оның ішінде қаржы және қаржылық емес ұйымдар, сондай-ақ бағалы қағаздары Биржаның ресми тізіміне енгізілмеген компаниялар қатысты.

"Қаржы секторындағы 2024 жылғы үздік жылдық есеп" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – "Отбасы банкі" ТҮҚЖБ" АҚ;
- жүлдегер ретінде – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ.

"Қаржылық емес сектордағы 2024 жылғы үздік жылдық есеп" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ;
- жүлдегер ретінде – "QazaqGaz" ҰК" АҚ және "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ.

"Қаржы секторындағы 2024 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – "Банк ЦентрКредит" АҚ;
- жүлдегер ретінде – "Қазақстан Халық Банкі" АҚ және Еуразиялық Даму Банкі.

"Қаржылық емлес сектордағы 2024 жылғы орнықты даму туралы үздік есеп" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.;
- жүлдегер ретінде – "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ.

"Нақты сектор компаниялары арасында 2024 жылғы үздік жылдық есеп" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – "Kazakhmys Copper" АҚ (Қазақмыс Коппер);
- жүлдегер ретінде – "Орталық Азия Электр энергетикалық корпорациясы" АҚ және VI Development Ltd. ЖК

"Листингілік емес компанияның 2024 жылғы үздік жылдық есебі" номинациясында марапат алғандар:

- лауреат ретінде – "Қазпошта" АҚ;
- жүлдегер ретінде – "Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ.
- жүлдегер ретінде – "Samruk-Kazyna Construction" АҚ.

### **БАҚ өкілдері**

Қазақстандық БАҚ Қазақстанның қор нарығын және KASE қызметін көрсететін ақпараттық материалдарды 2025 жылы белсенді жариялағаны үшін, сондай-ақ материалды түсінікті әрі қызықты форматта берудегі жоғары кәсібилігі үшін дипломдармен марапатталды. БАҚ арасында "Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырғаны үшін" номинациясында Prodengi.kz басылымы үздік атанды.

"Қор нарығы туралы ең өзекті материалы үшін" номинациясында Kursiv Медиа Қазақстан жеңімпаз атанды.

Номинация жеңімпаздары KASE интернет-сайтының "KASE ережелері" бөлімінде жарияланған "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін жыл сайын марапаттау ережелері", "Листингілік компанияларды жыл сайын марапаттау ережелері", "Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін жыл сайын марапаттау ережелері" және "Жылдық есептер конкурсын өткізу шарттары" атты KASE-нің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалды.